



080900, Құлан ауылы, Жібек Жолы көш., 76
тел.: 8 (726 31) 2-14-10
e-mail: abb.kulan@yandex.kz

080900, село Кулан, ул. Жибек Жолы, 76
тел.: 8 (726 31) 2-14-10
e-mail: abb.kulan@yandex.kz

№ 13-02-3064
09.10.2025

Қосымша білім беру мекемелерінің басшыларына

Ақ барыс» атты экофестивалі туралы

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге, 2025 жылдың 14-20 қазан күндері аралығында қосымша білім беру ұйымдары арасында аудандық «Ақ барыс» атты экофестивалі өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Мақсаты: қазақстанның сирек кездесетін жануары-ақ барысқа деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік сезімін оятуға тәрбиелеу.

«Ақ барыс» атты экофестивалі төмендегідей номинациялар бойынша өткізіледі:

1) «Үздік экскурсия жүргізушісі» номинациясы.

13-15 жас аралығындағы балалар үшін Мерке ауданындағы «Ақ барыс экспозициясы» тақырыбында 10 минут ішінде жас экскурсия жүргізушілері (екі адам, 13-15 жас) үш тілде Ақ барыс туралы экскурсия-әңгімесін айтып беруі керек. Ақ барыс туралы барлық ақпаратты ҚР МНВО Зоология институтының сайтынан алуға болады: <https://zool.kz> (Instagram), ҚР Зоология институтының (Facebook) парақшаларында болады. Өтінімдер әр қосымша білім беру мекемелерінен (қосымша 1) үлгіге сәйкес 2025 жылдың 16 қазан күні білім бөлімінің жауапты әдіскері Г.Ногайбаеваға өткізілу қажет. Аудандық кезеңі 2025 жылдың 20 қазан күні Жас натуралисттер станциясы мекемесінде өткізіледі.

Ескерту: Байқауға қатысушылар слайд немесе видеоролик арқылы экскурсия-әңгімесін қорғайды. Сонымен қатар, оқушыларды алып бару, алып келу және оқушылардың өмір қауіпсіздігіне толық жауапкершілік жетекшілеріне жүктеледі. Бекітілген жетекшілердің қолында ата-аналардың келісім-парақтары болуы міндетті.

Тіркеу: 09:00

Басталуы: 10:00

2) Педагогтер үшін:

1. «Ақ барыс сувенирі» номинациясы.

Педагогтер конкурсына кез келген материалдан (пластилин мен қағаздан басқа) 20-35 см өлшемінде Ақ барыс сувенирін жасау қажет. Білім бөліміне әр қосымша білім беру мекемелерінен (қосымша 1) үлгіге сәйкес өтінімдер мен «Ақ барыс сувенирлері» 2025 жылдың 14 қазан күні өткізілу қажет.

Ескерту: сувенирге міндетті түрде жапсырма қойылады: аудан, ауыл, жұмыс орны, Т.А.Ж.

2. «Ақ барыс» байқау экофестивалінің эмблемасы» номинациясы.

Педагогтер үшін түрлі-түсті, 10-15 см диаметрлі дөңгелек эмблема салу қажет. Эмблема сирек кездесетін Ақ барысты сақтау идеясын көрсетуі тиіс. Білім бөліміне әр қосымша білім беру мекемелерінен (қосымша 1) үлгіге сәйкес өтінімдер мен «Ақ барыс» байқау экофестивалінің эмблемасы» 2025 жылдың 14 қазан күні өткізілу қажет.

3. «Жібек жолының эндемиктері» номинациясы.

«Ақ барыс» тақырыбындағы сурет байқауы 2025 жылдың 15 қазан күні «Өнер» мектебінің базасында өткізіледі.

Қатысушылар жасы:

-12-13 жас;

-14-15 жас.

Білім бөліміне әр қосымша білім беру мекемелерінен (қосымша 1) үлгіге сәйкес өтінімдер қолы мен мөрі қойылған нұсқада 2025 жылдың 13 қазан күні өткізілу қажет.

Ескерту: қатысушылар өздерімен бірге А3 қағаз, жай және қара қарындаш әкелу керек.

Тіркеу: 09:00

Басталуы: 10:00

4. «Ақ барыс» туризм жарыстары номинациясы.

Балалар үшін туризм жарыстары қашықтықтан бейнероликтер байқауы өткізіледі.

Қатысушылар жасы:

-12-13 жас;

-14-15 жас.

«Ақ барыс» атағын жеңіп алу үшін табиғи рельефте тауға өрмелеу, кедергілер жолы (тірек, өткел, траверс) жарыстары білім бөліміне әр қосымша білім беру мекемелерінен (қосымша 1) үлгіге сәйкес өтінімдер мен фотосуреттер немесе бейнеролик түсіру арқылы жұмыстарын 2025 жылдың 15 қазан күні өткізілу қажет.

Қосымша: өтінім үлгісі

**Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы**

М.Сванов

ӨТІНІМ

Педагогтер үшін:

№	Қатысушының аты-жөні	Номинациясы	Білім беру ұйымының аталуы, үйірмесі	Педагогтің Т. А. Ә., байланыс телефоны электронды почта
1				
2				

Оқушылар үшін:

№	Қатысушының аты-жөні	Білім беру ұйымының аталуы, сыныбы немесе мектептен тыс ұйымның аталуы	Тұрғылықты мекен-жайы, (индекс, облыс, қала, ауыл, үйдің, пәтердің №, телефон)	Туған күні, айы, жылы	Педагогтің Т. А. Ә., байланыс телефоны электронды почта
12-13 жас санаты					
1					
14-15 жас санаты					
2					